№ 03-08-07-07/4566-И от 03.03.2025

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

ФИЛИАЛ НЕКОММЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВ
А**«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН» ПО ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

080000,Тараз қаласы, Төлебидаңғылы, 69 тел. 43-44-57. факс: (7262)43-44-57

080000, город Тараз, проспект Толеби, 69тел.43-44-57, факс:(7262) 43-44-57

№_____

_____

ИП Қалдановаға

Сіздің 2025 жылы 27 ақпандағы №246021 шағымыңызға:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Жамбыл облысы бойынша филиалы (бұдан әрі – филиал) келесіні хабарлайды:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын (бұдан әрі – №687 қағида) 245 тармағына сәйкес, «*Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын жұмыстар нарығында, оның ішінде конкурстың мәні болып табылатын ұқсас (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыс тәжірибесі болған әрбір жыл үшін бір пайыз (1%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.*

Егер бір жыл ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде ұқсас (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша бірнеше жұмысты орындаған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыс түрлеріне ұқсас (ұқсас болу) әрбір келесі орындалған жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.»

Өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысаны құрылысқа байланысты емес жұмыстар, атап айтқанда «КЕАҚ Жамбыл облысы бойынша филиалы Сарысу аудандық бөлімі ғимаратының **пандусын** ағымдағы жөндеу» болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамаға 11-қосымшада растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) орындалған жұмыстар тәжірибесінің болуы туралы мәліметтерді толтырады.

«Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды сатып алу кезіндегі біліктілік және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар туралы мәліметтер»

Сіздің конкурстық құжаттамаға 11-қосымшада көрсеткен 25 (жиырма бес) мәліметтеріңіздің ешқайсысы **пандусқа** ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстарға ұқсас (сол сияқты) жасалған жұмыстар болып есептелмейді.

Осыған байланысты, жоғарыда айтылғандардың негізінде шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылданды.

Филиалдың 2024 жылғы 1 шілдедегі №106 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес қабылданған шешімімен келіспеген жағдайда, Сіз Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 1 тармағына, 100-бабының 6-тармағына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

Директордың м.а. **Алимбетов М.С.**

Исп: Ә.Райымбек
Тел:8(701) 2498937

Электронный документ ссылка на документ подписан с использованием электронной цифровой подписи в Damu BPM

Наименование документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 03-08-07-07/4566-И от 03.03.2025
Организация/ отправитель	Филиал НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по Жамбылской области - 2300919
Получатели	
Лист согласования	Согласование: Асабаев Нурлан Дата и время: 03.03.2025 17:45:18
	ЭЦП руководителя: Алимбетов Мухтар Сембекович Дата и время: 03.03.2025 17:57:18
	ЭЦП канцелярии: Рамазанова Мухаббат Дата и время: 03.03.2025 17:58:52